

**«БЕКІТЕМІН»**

Нұр-Мұбарак Египет ислам  
мәдениеті университетінің ректоры  
доктор, профессор Мұхаммад Әш-  
Шаххат Әл-Жинди

« 31 » 03 2022 ж.



**САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ**

**УНИВЕРСИТЕТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕН  
ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫНЫҢ БІЛІКТІЛІК  
СИПАТТАМАЛАРЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

*УЕ- Нұр-Мұбарак ЕИМУ -7.3-2022*

Қызмет бабында пайдалану үшін

**Алматы 2022**

|                                                                                                           |                            |                               |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------|-------------------------------|
| <b>Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті</b>                                                    |                            | <b>УЕ- Нұр-Мұбарак ЕИМУ -</b> |
| <b>СМЖБ</b>                                                                                               | <b>Университет ережесі</b> | <b>001-07-2022</b>            |
| <b>Университет қызметкерлері мен профессор-оқытушылар құрамының біліктілік сипаттамалары туралы ереже</b> |                            | <b>42 беттің 3 беті</b>       |

### АЛҒЫ СӨЗ

- 1.Әкімшілік бөлімімен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
- 2.ӘЗІРЛЕГЕН – Қ.С.Қайранбаева;
- 3.ЕНГІЗІЛДІ – 2022 ж.
- 4.ТЕКСЕРІЛУ МЕРЗІМІ – 2025 ж.

### Келісілді:

Заңгер

Сапа менеджмент жүйесі бөлімінің меңгерушісі



Т.Маратов

Ш.Әділбаева

|                                                                                                                    |                            |                                               |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------|-----------------------------------------------|
| <b>Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті</b>                                                             |                            | <b>УЕ- Нұр-Мұбарак ЕИМУ -<br/>001-07-2022</b> |
| <b>СМЖБ</b>                                                                                                        | <b>Университет ережесі</b> |                                               |
| <b>Университет қызметкерлері мен профессор-<br/>оқытушылар құрамының біліктілік сипаттамалары<br/>туралы ереже</b> |                            | <b>42 беттің 4 беті</b>                       |

## МАЗМҰНЫ

|    |                                       |        |
|----|---------------------------------------|--------|
| 1  | Қолданылу саласы                      | 3      |
| 2  | Нормативтік сілтемелер                | 3      |
| 3  | Атаулар, анықтамалар және қысқартулар | 3      |
| 4  | Жауапкершілік және өкілеттілік        | 5      |
| 5  | Жалпы ережелер                        | 5      |
| 6  | Біліктілік сипаттамалары              | 6 - 45 |
| 7  | Өзгерістер енгізу тәртібі             | 45     |
| 8  | Келісу, сақтау және тарату            | 45     |
| 9  | Қосымша А танысу парағы               | 46     |
| 10 | Қосымша Б өзгерістерді тіркеу парағы  | 47     |

|                                                                                                           |                            |                                           |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------|-------------------------------------------|
| <b>Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті</b>                                                    |                            | <b>УЕ- Нұр-Мұбарак ЕИМУ - 001-07-2022</b> |
| <b>СМЖБ</b>                                                                                               | <b>Университет ережесі</b> |                                           |
| <b>Университет қызметкерлері мен профессор-оқытушылар құрамының біліктілік сипаттамалары туралы ереже</b> |                            | <b>42 беттің 5 беті</b>                   |

## **1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ**

1.1 Бұл құжат Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінде (бұдан әрі - университет) профессор-оқытушылар құрамының біліктілік сипаттамалары (бұдан әрі – сипаттамалар) университеттің штаттық кестесінде көзделген профессор-оқытушылар құрамының лауазымдар тізбесін және оларға тиісті сипаттамаларды, ішкі ұйымдастыру-өкімдік құжаттар базасын әзірлеу мақсатында оларға қойылатын талаптарды айқындайды.

1.2 Бұл сипаттамасы мыналарға негіз болады:

- құрылымдық бөлімшелер туралы олардың білім беру ұйымдарындағы орны мен рөлін анықтайтын ережелер жасау;
- қызметкерлердің міндеттерін, құқықтары мен жауапкершіліктерін белгілейтін лауазымдық нұсқаулықтар әзірлеу;
- кадрларды іріктеу мен орналастыру, оларды пайдаланудың дұрыстығына бақылау жүргізу;
- білім беру ұйымдарының қызметкерлерін аттестаттаудан өткізу.

1.3 Университеттің штат кестесінде қызметкерлер лауазымының атаулары осы Сипаттамада көрсетілген лауазымдық атауларға сәйкес келуі қажет.

1.4 Университет жұмыскерлерінің лауазымдарының біліктілік сипаттамалары (бұдан әрі-біліктілік сипаттамалары) университеттің СМЖ құжаттарының құрамына кіреді.

## **2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

2.1 Біліктілік сипаттамалары келесі нормативтік құжаттарға сілтеме жасалған:

- «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Египет Араб Республикасының Үкіметі арасындағы Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің қызмет шарттары туралы келісімді, Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы № 531-IV Заңы;

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» №319 Заңы;  
- Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ;  
- «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы 13 шілдедегі

№338 бұйрығымен бекітілген Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы

- Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 қазандағы № 391;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі бекітілген «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы» №152 бұйрығы;

- «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кісіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы №133 бұйрығымен бекітілген Педагог кәсіби стандарты;

- Университет Жарғысы;
- Ғылми кеңес қаулылары.

## **3 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР**

3.1 Университеттің осы ережесінде төмендегі атаулар, анықтамалар және қысқартулар қолданылады:

Университет – Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті;

ҚР БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі;

СМЖ-Сапа менеджментінің жүйесі; ОПК - профессорлар-оқытушы құрамы;

|                                                                                                           |                            |                                           |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------|-------------------------------------------|
| <b>Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті</b>                                                    |                            | <b>УЕ- Нұр-Мұбарак ЕИМУ - 001-07-2022</b> |
| <b>СМЖБ</b>                                                                                               | <b>Университет ережесі</b> |                                           |
| <b>Университет қызметкерлері мен профессор-оқытушылар құрамының біліктілік сипаттамалары туралы ереже</b> |                            | <b>42 беттің 6 беті</b>                   |
| KPI-қызмет нәтижесінің көрсеткіші (ағыл. Key Performance Indicators)<br>УЕ-Университет ережелері          |                            |                                           |

#### **4 ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК**

4.1 Университеттің осы ережесі университеттің Академиялық комитетінде талқыланады.

4.2 УЕ талаптарының енгізілуіне әкімшілік бөлім және Сапа менеджмент жүйесі бөлімі жауапты болып табылады.

4.3 Университеттің осы ережесі талаптарының орындалуын оқу-әдістемелік басқарма, Академиялық мәселелер департаменті, ғылым және инновация секторы, Тәрбие істері және әлеуметтік даму департаменті және шаруашылық бөлімі қадағалайды.

4.4 УЕ жүзеге асыруға кафедра меңгерушісі мен факультет деканы жауапты болып табылады.

#### **5 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

5.1. Осы университеттің профессор-оқытушы құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің лауазымдарға конкурстық орналасуы ережесі (бұдан әрі – Ережелер) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 43-1-бабының 2) тармағына сәйкес әзірленген жоғары оқу орындарының штаттық кестесінде қарастырылған (бұдан әрі – штаттағы лауазымдар) жоғары оқу орындарының профессор-оқытушы құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің лауазымдарға конкурстық орналасуы тәртібін анықтайды.

5.2 Штат кестесінде қызметкерлер лауазымының атаулары осы Сипаттамада көрсетілген лауазымдық атауларға сәйкес келуі қажет

5.3. Әрбір лауазымға берілген Сипаттама үш бөлімнен: "Лауазымдық міндеттері", "Білуге міндетті" және "Біліктілікке қойылатын талаптар" бөлімдерінен тұрады. "Лауазымдық міндеттері" бөлімі қызметкерлердің ұтымды мамандануын қамтамасыз ететін жұмыстардың технологиялық біртектілігін және өзара байланыстылығын ескере отырып осы лауазымды атқаратын қызметкерге толық не жартылай тапсырылатын негізгі жұмыстарды қамтиды.

"Білуге міндетті" бөлімі қызметкерге арнайы білімге қатысты, сондай-ақ заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерді, ережелерді, нұсқаулықтарды, тағы басқа материалдарды білуі бойынша қойылатын негізгі талаптарды, қызметкер лауазымдық міндеттерін орындау кезінде қолдана алуға тиіс әдістер мен құралдарды қамтиды.

"Біліктілікке қойылатын талаптар" бөлімі қызметкердің көзделген міндеттерді орындауға қажетті қызметкердің кәсіби даярлық деңгейі мен жұмыс өтіліне қойылатын талаптарын айқындайды.

5.4. Университетте дәрістердің оқуылуын ғылым докторы және (немесе) ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі, философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі, ғылыми атақтары (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор), сондай-ақ тиісті ғылымдар бойынша магистр дәрежесі бар оқытушылармен және (немесе) қызметінде өтілі кемінде үш жыл немесе бейін бойынша кемінде бес жыл практикалық өтілі бар аға оқытушылар болуы тиіс.

#### **БІЛІКТІЛІК СИПАТТАМАЛАР**

#### **6. РЕКТОР**

**Лауазымдық міндеттері:** Жоғары сапалы және қажетті дағдыларға ие адами капиталды дамыту Қазақстан экономиканың одан әрі өсуі тәуелді болатын басым міндеттерді жүргізеді. Жаңа уақыттың құзыреттері қажетті дағдыларды үздіксіз үйрену мен игеруге дайын болуды қамтиды. Технологиялық жаңару мен цифрландыру өз жұмыс уақытын тиімді пайдаланатын, технология мен білімді қолдануға, процестерді жетілдіруге және инновацияларды жүзеге

|                                                                                                           |                            |                                           |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------|-------------------------------------------|
| <b>Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті</b>                                                    |                            | <b>УЕ- Нұр-Мұбарак ЕИМУ - 001-07-2022</b> |
| <b>СМЖБ</b>                                                                                               | <b>Университет ережесі</b> |                                           |
| <b>Университет қызметкерлері мен профессор-оқытушылар құрамының біліктілік сипаттамалары туралы ереже</b> |                            | <b>42 беттің 7 беті</b>                   |

асырады.

**Білуге міндетті:** Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», Қазақстан Республикасының «Тіл туралы», «Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» «Мемлекеттік сатып алу туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» заңдарын, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын және жоғары оқу орнының білім беру, ғылыми, өндірістік-шаруашылық, қаржы-экономикалық қызметін регламенттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерді жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау саласындағы әдістемелік материалдарды, жоғары оқу орны саласының техникалық және ғылыми дамуының болашағын жоғары оқу орнының кадрлық ресурстарын жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру (қосымша білім беру) саласындағы шетелдік білім беру мекемелерінің ғылыми жетістіктері мен алдыңғы қатарлы тәжірибелерін еңбек заңнамаларын еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын.

**Біліктілікке қойылатын талаптар:** жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім, ғылыми дәрежесі және кемінде 5 жыл білім беру ұйымдарында және білімді басқару органдарында басшылық қызметіндегі еңбек өтілі тиіс. Білім беру мегеджменті бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы сертификат (куәлік).

## 7. ПРОРЕКТОР

**Лауазымдық міндеттері:** Қолданыстағы заңдар, нормативтік-құқықтық актілер, жарғы және ұжымдық келісім шарттары негізінде жоғары кәсіби білім беру қызметінің жекелеген бағыттары бойынша тікелей басшылықты жүзеге асырады. Ағымдағы және алдағы уақыттағы оқытушылар мен әдістемелік қызмет жұмысын жоспарлауды ұйымдастырады. Оқу бағдарламаларының жобалануы мен орындалуын барлық оқу бағыттарының тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, оны жетілдіруге байланысты ұсыныстар береді. Профессор-оқытушылардың, кабинет меігерушілерінің, кітапханалардың жұмысын ұйымдастырады және үйлестіреді. Оқытушылардың оқу жүктемелерін бақылайды және реттейді. Қабылдаған шешімдеріне, материалдық құндылы ұтардың сақталуына және тиімді жұмсалыуына толық жауапты бола отырып, жоғары оқу орнының әкімшілік-шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметтерінің жекелеген бағыттарына басшылық етеді. Өзіне тапсырылған барлық құрылымдық бөлімшелердің жұмысын және өзара тиімді әрекетін ұйымдастырады. Жоғары білікті мамандар дайыдау мақсатындағы оқу орны қызметінің, жоғары білім беру саласындағы соңғы жетістіктерді ескере отырып, жоғары оқу орнының материалдық-техникалық базасы деңгейінің сапасы мен тиімділігін қамтамасыз етеді.

Өзіне тапсырылған қызметтер шеңберінде жоғары оқу орнының бюджет, мемлекеттік бюджеттен тыс қорлардың, жеткізушілердің, тапсырыс берушілердің, несие берушілердің алдындағы барлық міндеттерді орындауын; жаңа техникалар мен технологияларды қолдану саласындағы жаңа жетістіктер, білім беру саласындағы отандық және шет елдік жетістіктер, еңбекті ұйымдастыру және басқарудың белсенді түрлерін қолдану, шығындарды жұмсаудың негізгі нормалары, жоғары оқу орнының материалдық, техникалық ресурстарын тиімді пайдалану негізінде жоғары оқу орнын басқаруды ұйымдастырады.

Сеніп тапсырылған құрылымды білікті мамандармен қамтамасыз ету, қызметкерлердің біліктілігін ұдайы арттыру жөнінде шаралар қабылдайды. Кәсіби білімді қолдану және дамыту, тәжірибе алмасу, жағымды және қауіпсіз еңбек жағдайын жасау, еңбекті қорғау мен техника қауіпсіздігі талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді.

Басқарудың экономикалық және әкімшілік әдістерінің дұрыс үйлестірілуін, жоғары оқу орны қызметкерлерінің жұмыс тиімділігін арттырудағы материалдық және моральдық ынталандыру қағидаттарын қолдануды, әрбір жұмыскерге оған тапсырылған іс пен оның нәтижесіне деген материалдық қызығушылығы мен жауаптылығы қағидатын қолдануды, жалпы еңбек

|                                                                                                           |                            |                                           |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------|-------------------------------------------|
| <b>Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті</b>                                                    |                            | <b>УЕ- Нұр-Мұбарак ЕИМУ - 001-07-2022</b> |
| <b>СМЖБ</b>                                                                                               | <b>Университет ережесі</b> |                                           |
| <b>Университет қызметкерлері мен профессор-оқытушылар құрамының біліктілік сипаттамалары туралы ереже</b> |                            | <b>42 беттің 8 беті</b>                   |

нәтижесін қамтамасыз етеді.

Мекеме ұжымымен (жұмыскерлердің өкілдерімен) бірге әлеуметтік әріптестік қағидаттары негізінде ұжымдық шартты дайындайды, оған қол қояды және орындайды, еңбек және өндіріс тәртібін сақтайды, еңбекке ынталандыруды, бастаманы және жоғары оқу орны қызметкерлерінің белсенділігін дамытуға ықпал етеді.

Сенімхаты болған жағдайда оған берілген құқықтар шегінде жоғары оқу орнының қаржылық, экономикалық, өндірістік-шаруашылық мәселелерін шешеді, жоғары оқу орны қызметінің жекелеген бағыттарын жүргізуді басқа лауазымдық тұлғаларға- құрылымдық бөлімшелеріне тапсырады. Құрылымды және штат кестесін өзгертуше байланысты ұсыныстар береді. Өзіне тапсырылған құрылымдық бөлімшелердің қызметінің заңдылығын бақылауды, құқықтық құралдарды пайдалануды, шарт және қаржы тәртібін, әлеуметтік еңбек қатынастарын нығайтуды қамтамасыз етеді.

Жоғары оқу орнының білім беру қызметін қолдау және аясын кеңейту мақсатында білім беру саласындағы инновациялық технологияларды енгізуді және қолдануды қамтамасыз етеді. Сенімхаты немесе желілік нормативтік актісі болған жағдайда жоғары оқу орнының мүліктік мүдделерін сотта, сот алқаларында қорғайды. Мемлекеттік құпияның қорғалуына және сақталуына байланысты жұмыстарды ұйымдастыруға, жағдай жасауға, жалпы жоғары оқу орнының қызметіне тікелей жауапты. Жыл сайын тиісті құрылымдық бөлімшелер қызметінің нәтижелері туралы есеп дайындайды.

**Білуге міндетті:** Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», Қазақстан Республикасының «Тіл туралы», «Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» «Мемлекеттік сатып алу туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» заңдарын, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын және жоғары оқу орнының білім беру, ғылыми, өндірістік-шаруашылық, қаржы-экономикалық қызметін регламенттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерді, университет жарғысы мен академиялық сасаты, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау саласындағы әдістемелік материалдарды, жоғары оқу орны саласының техникалық және ғылыми дамуының болашағын жоғары оқу орнының кадрлық ресурстарын жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру (қосымша білім беру) саласындағы шетелдік білім беру мекемелерінің ғылыми жетістіктері мен алдыңғы қатарлы тәжірибелерін еңбек заңнамаларын еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын.

**Біліктілікке қойылатын талаптар:** жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім, ғылыми дәрежесі және кемінде 5 жыл білім беру ұйымдарында және білімді басқару органдарында басшылық қызметіндегі еңбек өтілі тиіс. Білім беру мегеджменті бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы сертификат (куәлік).

## **8. РЕКТОР ЖӘНЕ ПРОРЕКТОР КЕҢЕСШІЛЕРІ.**

**Лауазымдық міндеттері:** Стратегия, білім беруді дамыту проблемалары, ғылым және білім беру саласындағы мемлекеттің саясаты, білім беру мекемесінің ғылыми, ғылыми-техникалық қызметін жүзеге асырудағы жетістіктер туралы ақпаратты жинауды және талдауды, сондай-ақ оның қызметінің бағыттары бойынша талдамалық анықтамалар мен материалдар дайындауды жүзеге асырады.

Білім және ғылым саласындағы мемлекеттік саясат және экономика мәселелері бойынша құжаттар мен материалдарды талдауды жүзеге асырады, ректорат қызметінің бағыттары бойынша білім беру мекемесінің қызметін жетілдіру және құқықтық қамтамасыз ету бойынша өажетті ұсыныстар, ұстанымдар әзірлейді.

**Білуге міндетті:** Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», Қазақстан Республикасының

|                                                                                                           |                            |                                           |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------|-------------------------------------------|
| <b>Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті</b>                                                    |                            | <b>УЕ- Нұр-Мұбарак ЕИМУ - 001-07-2022</b> |
| <b>СМЖБ</b>                                                                                               | <b>Университет ережесі</b> |                                           |
| <b>Университет қызметкерлері мен профессор-оқытушылар құрамының біліктілік сипаттамалары туралы ереже</b> |                            | <b>42 беттің 9 беті</b>                   |

«Тіл туралы», «Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» «Мемлекеттік сатып алу туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» заңдарын, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын және жоғары оқу орнының білім беру, ғылыми, өндірістік-шаруашылық, қаржы-экономикалық қызметін регламенттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерді жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау саласындағы әдістемелік материалдарды, жоғары оқу орны саласының техникалық және ғылыми дамуының болашағын жоғары оқу орнының кадрлық ресурстарын жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру (қосымша білім беру) саласындағы шетелдік білім беру мекемелерінің ғылыми жетістіктері мен алдыңғы қатарлы тәжірибелерін еңбек заңнамаларын еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын.

**Біліктілікке қойылатын талаптар:** жоғары білімі ( немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) мамандығы бойынша еңбек өтілі кемінде 2 жыл және магистр академиялық дәрежесі, білім беру менеджменті бойынша біліктілікті арттыру курстарының өткендігі туралы сертификаты болуы тиіс.

## 9. ҒАЛЫМ ХАТШЫ

Лауазымдық міндеттері: Басқарма төрағасы - ректордың назарына кез келген өндірістік проблемаларды жеткізу, кәсіби этиканы сақтамау немесе басқа да рәсімдерді бұзу немесе теріс пайдалану жағдайлары; біліктілікті арттыру, сондай-ақ арнайы әдебиетті, ғылыми жарияланымдарды, нормативтік базаны, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерің өз бетінше зерделеу жолымен өзінің кәсіби даярлық деңгейін арттыру; дербес немесе аудиторлық тексерулер барысында анықталған кемшіліктерді уақтылы түзету және жою; тиісті құрылымдық бөлімшелерімен бірлесіп Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті Ғылыми кеңес қызметі жоспарының жобасын әзірлейді; ғылыми кеңестің отырыстарын өткізу және шешімдерін іске асыру бойынша ұйымдастыру-дайындық жұмыстарын жүзеге асырады:

- Ғылыми кеңес төрағасына отырыстың жоспарланған күн тәртібін, өткізілетін күні мен орнын бекітуде ұсынады;
- Ғылыми кеңес мүшелеріне отырыстың өтетін орны, уақыты, күн тәртібі туралы хабарлайды;
- Ғылыми кеңес отырысына мәселелерді дайындау және шешім жобаларын дайындау бойынша бақылауды жүзеге асырады;
- Ғылыми кеңес отырысының хаттамасын, Ғылыми кеңес хаттамаларының үзіндісін ресімдейді;
- Ғылыми кеңестің шешімдерін оның орындаушыларына жеткізуді қамтамасыз етеді;
- Ғылыми кеңес төрағасының тапсырмасы бойынша шешімдердің орындалуын бақылауды жүзеге асырады; бақылауға алынған қабылданған және қабылданған шешімдердің уақтылы және сапалы орындалуына бақылауды ұйымдастырады; ғылыми атақтарға ұсыну үшін кандидаттардың жеке істерің қалыптастыруды жүзеге асырады; ғылыми және оқу-әдістемелік жұмыстардың дұрыс жасалуын тексереді және тізімін куәландырады; оқу жылының соңында ғылыми кеңес мүшелерінің алдында жұмыс туралы қысқаша есеп бере отырып, кеңес қызметі туралы есеп береді.

Білуге тиіс: Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі; Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі; Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңы (04.07.2018 ж. № 171-УІ өзгерістер мен толықтырулармен); "Педагог" кәсіби стандарты, Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары (ҚР БҒМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы №563 бұйрығына қосымша СМЖ-мен келісілген Академиялық саясаты.

**Біліктілік талаптар:** ғылыми хатшы лауазымына ғылым докторы немесе кандидаты және (немесе) PhD докторы дәрежесі, кемінде 5 жыл ұйымдастырушылық жұмыс тәжірибесі бар және (немесе) ғылыми дәрежесі жоқ адам, тиісті білім саласындағы жоғары білікті, көрсетілген жұмыс тәжірибесі бар мамандар тағайындалады. Ғылыми кеңестің құжаттарын мемлекеттік тілде және араб тілінде жүргізеді. Ғылыми кеңесті жүргізу үшін ғылыми хатшы



|                                                                                                           |                            |                                           |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------|-------------------------------------------|
| <b>Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті</b>                                                    |                            | <b>УЕ- Нұр-Мұбарак ЕИМУ - 001-07-2022</b> |
| <b>СМЖБ</b>                                                                                               | <b>Университет ережесі</b> |                                           |
| <b>Университет қызметкерлері мен профессор-оқытушылар құрамының біліктілік сипаттамалары туралы ереже</b> |                            | <b>42 беттің 10 беті</b>                  |

мемлекеттік тілді және араб тілін білуі тиіс. Ғылыми хатшы компьютерде жұмыс істей білуі керек.

## **10. САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ**

### **10.1. МЕНГЕРУШІ**

**Лауазымдық міндеттері:** Нормативтік, құқықтық актілер мен ережелерге сәйкес қызметтерді бақылайды. Құрылымдық бөлімнің жұмыс жоспарларын және мамандардың жеке жұмыс жоспарларын бекітеді. Құрылымдық бөлімше мамандары арасында функционалдық міндеттерді бөлуді жүзеге асырады, олардың уақытылы және сапалы орындалуын бақылайды. Құрылымдық бөлім қызметінің нәтижелерін талдайды. Құрылымдық бөлімше мамандарының кәсіби құзыреттілігін арттыруға ықпал етеді. Ол компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жетік біледі. Ішкі тәртіп ережелерін сақтайды және құрылымдық бөлімнің жұмысын реттейтін құжаттардың орындалуын қамтамасыз етеді. Құрылымдық бөлімнің құжаттамалары мен есептілігінің барлық түрлерін дайындауды және сақтауды қамтамасыз етеді. Тиісті саладағы озық тәжірибені тарату бойынша іс-шараларға қатысады және өткізеді (оқыту курстары, семинарлар, байқаулар, дөңгелек үстелдер, конференциялар және т.б.), құрылымдық бөлімше қызметінің барлық түрлерін жоспарлау мен талдауды жүзеге асырады.

СМЖ құжаттарының талаптарына сәйкес құрылымдық бөлімшенің қызметі, процестер мен білім беру қызметтерінің сапасы туралы қажетті есептілікті, ақпаратты дайындауды және ұсынуды қамтамасыз етеді;

Университеттің сапа менеджмент жүйесін (СМЖ) әзірлеуді, енгізуді қамтамасыз етеді. СМЖ әзірлеу, енгізу, пайдалану мәселелері бойынша сыртқы тараптармен өзара әрекеттеседі. Ішкі сапа аудитін, СМЖ жұмыс жасау кезіндегі түзету-алдын алу шараларын ұйымдастырады. Студенттерге, оқытушылар құрамына және басқа да мүдделі тұлғаларға жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша дайындықтың сапасын бақылайды, сонымен қатар студенттерден, оқытушылар құрамынан және басқа да мүдделі тұлғалардан сұрау салу нәтижесінде туындаған сәйкессіздіктерді жою жөніндегі шараларды бақылайды.

Институционалдық, бағдарламалық аккредиттеу шеңберінде Университеттің белгіленген критерийлер мен индикаторларға сәйкестігін ресми растау рәсімдерін ұйымдастыруды және бақылауды жүзеге асырады. Университет бөлімдерінің ББ рейтингі, аймақтық, республикалық және халықаралық деңгейлердегі институционалдық рейтинг бойынша жұмысын үйлестіреді. СМЖ мониторинг және институционалдық, бағдарламалық аккредиттеу бойынша құрылымдық бөлімшелерге әдістемелік көмек көрсетеді. Білім беру бағдарламалары бойынша лицензия құжаттарын жасайды.

**Білуге міндетті:** ҚР Білім туралы заңы; ҚР ғылым туралы заңы; Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері; ISO 9001:2015 Талаптарға сәйкес сапа менеджменті жүйесінің ішкі аудитор сертификатының болуы; ISO 37001:2016 Жемқорлыққа қарсы басқару жүйесінің стандарттары.

**Біліктілік талаптар:** Сапа менеджмент жүйесі бөлімі меңгерушісі жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі және білім беру ұйымдарында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесі, білім беруді басқару бойынша біліктілікті арттыру курстарын аяқтағаны туралы сертификат (сертификат) болуы керек.

### **10.2. БАС МАМАН**

**Лауазымдық міндеттері:** СМЖ бойынша қолданыстағы құжаттамалардың жарамдылығын, жаңартылуын мерзімді түрде қадағалау; СМЖ, БББ рейтингі, мониторинг, аккредитация салаларында құжаттарын үйлестіру, осы жұмыстарды жүргізу; Университет ішілік ПОҚ рейтингісіне кафедралардан құжаттарын қабылдап алу және жүргізу; Университеттің сапа менеджменті жүйесінің ішкі аудитін жүргізуге қатысу; Студенттерге

|                                                                                                           |                            |                                           |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------|-------------------------------------------|
| <b>Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті</b>                                                    |                            | <b>УЕ- Нұр-Мұбарак ЕИМУ - 001-07-2022</b> |
| <b>СМЖБ</b>                                                                                               | <b>Университет ережесі</b> |                                           |
| <b>Университет қызметкерлері мен профессор-оқытушылар құрамының біліктілік сипаттамалары туралы ереже</b> |                            | <b>42 беттің 11 беті</b>                  |

сауалнама толтырту, мониторинг жасау; Сапа менеджменті жүйесінің қолданыстағы нормативтік құжаттарына талдау жасау және оларды түзету бойынша ұсыныстар енгізу; Сапа менеджменті жүйесінің нормативтік құжаттарын жүргізуді жүзеге асыру (есепке алу, сақтау, қолданыстағы түзетулер мен ескірген нормативтік құжаттардың күшін жою, жаңа нормативтік құжаттарды енгізу); Сапа менеджменті жүйесін әзірлеуге, жетілдіруге және енгізуге қатысады, жұмысты ұйымдастырады және ұйымның құрылымдық бөлімшелеріне олардың өнімнің сапасын жақсарту бойынша ұсыныстарын әзірлеуге әдістемелік көмек көрсету; Жылдық жұмыс жоспарының бекітілген мерзімде іске асырылуына ат салысу; Бөлім жұмысының университеттің басқа құрылымдарымен байланысын үйлестіру; Бөлімді ішкі, сыртқы аудиттік тексеріске және өкілетті мемлекеттік ұйымдардың тарапынан тексерістерге дайындауға қатысу.

**Білуге міндетті:** ҚР Білім туралы заңы; ҚР ғылым туралы заңы; Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері; ISO 9001:2015 Талаптарға сәйкес сапа менеджменті жүйесінің ішкі аудитор сертификатының болуы; ISO 37001:2016 Жемқорлыққа қарсы басқару жүйесінің стандарттары.

**Біліктілік талаптар:** Сапа менеджмент жүйесі бөлімі бас маманы қызметіне жоғары білімді, тәжірибелі, қызметкерлермен жұмыс істеу тәжірибесі және ұйымдастыру қабілеті бар, еңбек өтілі 3 жылдан кем емес тұлға тағайындалады.

## **11. ӘКІМШІЛІК БӨЛІМ**

### **11.1. МЕҢГЕРУШІ**

**Лауазымдық міндеттері:** персоналды басқару бойынша стратегиялық мәселелерді шешу, басқарманың университеттің басқарушылық проблемаларын диагностикалауға қатысуын қамтамасыз ету, кадр мәселелерін шешуде әдістемелік көмек көрсету бойынша жұмыстарды үйлестіру; өз құзырегі шегінде жоғары тұрған ұйымдармен, министрліктермен және ведомстволармен адами ресурстарды басқару жүйесін және университеттің кадр саясатын жетілдіру мәселелері бойынша өзара іс-қимылды қамтамасыз ету; университетте штаттық тәртіптің сақталуын бақылау және құрылымдық бөлімшелер арасында функцияларды бөлу, басқару құрылымын жетілдіру бойынша ұсыныстарды дайындау және қалыптастыруды қамтамасыз ету; университеттің адами ресурстарға қажеттілігін анықтау бойынша жұмысты үйлестіру; Директорлар кеңесіне бекітілген құжаттарға сәйкес университет басшылығын тағайындау, сондай-ақ еңбек заңнамасын сақтай отырып, университет талаптарына сәйкес келетін жоғары білікті персоналды қабылдау және ауыстыру, жаңадан қабылданған қызметкерлерді бейімдеу бойынша мәселелер шығаруды бақылау; университет қызметкерлерінің лауазымдарын бағалау, қазіргі заманғы техникалар мен құралдарға сәйкес кадр резервін дамыту, персоналды үздіксіз дамыту, персоналды оқытуға қажеттілікті анықтау және персоналды оқытуға бюджетті қалыптастыру, белгіленген тәртіппен бекітілген жоспарға сәйкес оқыту процесін ұйымдастыру, тиісті әдістермен оқыту нәтижелілігін бағалау жүйесін іске асыру; сыйақы жүйесін жетілдіруді және қызметкерлердің еңбегін ынталандыруды, еңбекақы төлеу жөніндегі құжаттарды әзірлеуді және бекітуді, қызметкерлердің қызметкерлерді ынталандыру жүйесімен персоналдың қанағаттануын талдауды қамтамасыз ету; бекітілген нормативтерге сәйкес университет қызметкерлерін іссапарларға жіберуді қамтамасыз ету; Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес кадрлық іс жүргізуді, персоналды есепке алуды, кадрлардың тұрақтамауын және қызметкерлердің сапалық құрамын талдауды қамтамасыз ету; басқарма жетекшілік ететін баптар бойынша бюджеттің қалыптастырылуы мен орындалуын бақылау; әкімшілік бойынша жұмыс жоспарларының орындалуын бақылау; құзыретіне кіретін мәселелер бойынша белгіленген тәртіпте жұмыс топтарына, комиссияларға, комитеттерге, сондай-ақ кеңестерге қатысу; басқарма қызметкерлерінің еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауын, басқарма қызметкерінің еңбек және орындаушылық тәртібін сақтауын, университет

|                                                                                                           |                            |                                           |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------|-------------------------------------------|
| <b>Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті</b>                                                    |                            | <b>УЕ- Нұр-Мұбарак ЕИМУ - 001-07-2022</b> |
| <b>СМЖБ</b>                                                                                               | <b>Университет ережесі</b> |                                           |
| <b>Университет қызметкерлері мен профессор-оқытушылар құрамының біліктілік сипаттамалары туралы ереже</b> |                            | <b>42 беттің 12 беті</b>                  |

бойынша бұйрықтардың, сондай-ақ Басқарма құзыретіне жататын басшылық тапсырмаларының орындалуын қамтамасыз ету.

**Білуге тиіс:** Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы, ҚР Азаматтық кодексі, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Әкімшілік рәсімдер туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Тіл туралы", "Білім туралы" Заңдар және осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері; адами ресурстарды басқарудың, Кадрлық менеджменттің әдістері мен технологиялары; персоналды материалдық және материалдық емес ынталандыру, еңбек психологиясы мен әлеуметтануын; қазіргі заманғы оқыту технологиялары, персоналды дамыту және бағалау; сапа менеджменті жүйесі, қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы, тәуекелдерді басқару жүйесі және ішкі бақылау жүйесі саласындағы, өрт және экологиялық қауіпсіздік саласындағы нормативтік құқықтық актілер; университет жарғысы мен академиялық саясат.

**Біліктілік талаптары:** "дипломды маман" біліктілігін берумен расталатын жоғары кәсіптік білім (оқу мерзімі кемінде 5 жыл) және(немесе) магистр дәрежесінің және(немесе) ғылыми дәрежесінің болуы, білім беру саласында немесе лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салаларда басшы лауазымдардағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

## **11.2.РЕКТОРАТ МЕНЕДЖЕРІ**

**Лауазымдық міндеттері:** басшының немесе оның бөлімшелерінің жұмысын қамтамасыз ету және қызмет көрсету жөніндегі техникалық функцияларды орындайды; басшыға бөлімшелерден немесе орындаушылардан қажетті мәліметтерді алады, оның тапсырмасы бойынша қызметкерлерді шақырады; телефонограммаларды қабылдайды және береді, басшы болмаған кезде қабылданған хабарламаларды жазады және оларды оның назарына жеткізеді; басшы өткізетін отырыстар мен кеңестерді дайындау бойынша жұмысты жүзеге асырады (қажетті материалдарды жинау, қатысушыларды отырыстың немесе кеңестің уақыты, орны, күн тәртібі туралы хабардар ету және оларды тіркеу), хаттамаларды жүргізеді және ресімдейді; Басшының жұмыс орнын кеңсе керек-жарақтарымен, ұйымдастыру техникасы құралдарымен қамтамасыз етеді, басшының тиімді жұмыс істеуіне ықпал ететін жағдайлар жасайды; қабылдау-сөйлесу құрылғылары (телекс, телефакс және т. б.) бойынша ақпаратты береді және қабылдайды; басшының нұсқауы бойынша әртүрлі материалдарды; іс жүргізуді жүргізеді, басшының атына келіп түскен хат-хабарды қабылдайды, университетте қабылданған тәртіпке сәйкес оны жүйелеуді жүзеге асырады және оны басшы қарағаннан кейін олардың жұмыс процесінде пайдалану не жауап дайындау үшін бөлімшелерге немесе нақты орындаушыларға береді; басшының бақылауға алған тапсырмаларының орындалу мерзімін бақылайды; басшыға қол қоюға құжаттарды қабылдайды; келушілерді қабылдауды ұйымдастырады, қызметкерлердің өтініштері мен ұсыныстарын жедел қарауға жәрдемдеседі; Істерді бекітілген номенклатураға сәйкес қалыптастырады, олардың сақталуын қамтамасыз етеді және белгіленген мерзімде мұрағатқа тапсырады; көбейту техникасында тираждау үшін құжаттарды дайындайды, сондай-ақ құжаттарды көшіреді; өзінің тікелей басшысының нақты қызметтік тапсырмаларын орындайды; СМЖ құжаттарын жұмыс жағдайында ұстайды.

**Білуге тиіс:** іс жүргізу жөніндегі қаулылар, өкімдер, бұйрықтар, ережелер, нұсқаулықтар, басқа да басшылық және нормативтік құжаттар; университет пен оның бөлімшелерінің құрылымы мен басшылық құрамы; орфография және пунктуация; Әртүрлі құжаттарды басу кезінде материалдың орналасу тәртібі; іскерлік хаттарды басу; компьютерлерді пайдалану; қабылдау-сөйлесу құрылғыларын пайдалану; ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттаманың бірыңғай жүйесінің стандарттары; еңбекті ұйымдастыру; Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы; Академиялық саясат ережесі; еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария және өртке қарсы қорғау қағидалары мен нормалары.

**Біліктілікке қойылатын талаптар:** тиісті мамандық (біліктілік) бойынша жоғары және (немесе) орта техникалық және кәсіптік (орта кәсіптік) білім, жұмыс өтіліне талап

|                                                                                                           |                            |                                           |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------|-------------------------------------------|
| <b>Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті</b>                                                    |                            | <b>УЕ- Нұр-Мұбарак ЕИМУ - 001-07-2022</b> |
| <b>СМЖБ</b>                                                                                               | <b>Университет ережесі</b> |                                           |
| <b>Университет қызметкерлері мен профессор-оқытушылар құрамының біліктілік сипаттамалары туралы ереже</b> |                            | <b>42 беттің 13 беті</b>                  |
| қойылмайды.                                                                                               |                            |                                           |

### **11.3.АРХИВАРИУС**

**Лауазымдық міндеттері:** архивке келіп түскен құжат материалдарының сақталуын ұйымдастырады және қамтамасыз етеді; университеттің құрылымдық бөлімшелерінен іс жүргізумен аяқталған құжаттарды қабылдайды; Істер номенкласын әзірлеуге қатысады, оларды архивке тапсыру кезінде дұрыс қалыптасуы мен ресімделуін тексереді; қолданыстағы ережелерге сәйкес сақтау бірліктерін шифрлайды, істерді жүйелейді және орналастырады, олардың есебін жүргізеді; тұрақты және уақытша сақтау бірліктерінің жиынтық тізімдемелерін, сондай-ақ құжаттық материалдарды мемлекеттік сақтауға беру, сақтау мерзімі өткен материалдарды есептен шығару және жою актілерін дайындайды; мұрағаттық құжаттардың ғылыми және практикалық құндылығына сараптама жасау жөніндегі жұмысқа қатысады; Мұрағат үй-жайында өртке қарсы қорғау ережелерін сақтайды; мұрағаттық көшірмелер мен құжаттарды береді, мұрағат құжаттарындағы мәліметтер негізінде қажетті анықтамалар жасайды, сұраныстарға жауаптар береді және олардың есебін жүргізеді; мұрағат құжаттарының жүйелі; мұрағат жұмысы туралы есептілікті жасау үшін деректерді дайындайды; СМЖ құжаттарын жұмыс жағдайында қолдайды.

**Білуге тиіс:** Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің академиялық саясаты, мақсаты мен миссиясы, сапа менеджменті жүйесінің құжаттары; құжаттарды мұрағатқа қабылдау және тапсыру, оларды сақтау және пайдалану тәртібі туралы ережелер мен нұсқаулықтар; Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі; Іс жүргізудің мемлекеттік жүйесі; тұрақты және уақытша сақталатын құжаттардың сипаттамасын жасау тәртібі; істерді ресімдеу оларды сақтау мен пайдалануға дайындау тәртібі; университет құрылымы; ішкі еңбек тәртібінің ережелері; Еңбекті ұйымдастыру негіздері; Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария және өртке қарсы қорғау ережелері мен нормалары; мұрағаттар туралы Заңды білу.

**Біліктілік талаптары:** архивариус лауазымына жұмыс өтіліне талап қойылмай жоғары білімі және (немесе) орта кәсіптік білімі және арнайы даярлығы бар адам жұмыс өтеліне талап қойылмай тағайындалады.

### **11.4.ПАСПОРТИСТ**

**Лауазымдық міндеттері.** Жатақхананың паспортисті мамандарының жұмысын басқарады. Жатақханаға келгендердің орналасуын жүзеге асырады, жатақханаға орналасқан және шығып кеткен азаматтардың уақытылы және дұрыс тіркелуін қадағалайды, бұйрық шығарады. Бөлмелерді жиыстыруды ұйымдастырады және ұйықтайтын бөлмелерде және ортақ пайдалану орындарында тазалықтың сақталуын қадағалайды. Жатақхана электр желісінің, байланыстың, су құбырының, канализацияның және жабдықтың дұрыс жұмысын қадағалайды. Төсек орынның және басқа да қажетті мүліктің берілуі мен қабылдауын қамтамасыз етеді. Жатақханадан шығатындардың аралап шығу парағына белгі қояды немесе берешегі жоқ екені туралы анықтама береді. Қолданыстағы төсек орын заттарына есебін жүргізеді, оны мерзімдік тексеруді және сақталуын қамтамасыз етеді. Төсек орындарды таза ұстауға, тазалауға береді. Қажет болған жағдайда мүлікті, жатақхана тұрғындары бүлдірген немесе жоғалтқан материалдық құндылықтарды шығынға жатқызуға актілерді құрастырады, белгіленген тәртіпте кінәлі тұлғалардан олардың құнын өндіруге құжаттарды рәсімдейді. Жатақхананы қажетті мүлікпен, жабдықпен, құрал-жабдықпен және өртке қарсы қорғау құралдарымен қамтамасыз етілуін қадағалайды, өртке қарсы қорғау ережелерінің орындалуын бақылайды. Санитарлық және өрт қадағалау жазба кітабын, сонымен қатар арыздар мен шағымдар кітабын жүргізеді, көрсетілген кемшіліктерді жою, жатақханада тұратындар және қызмет көрсету персоналы арасында пайда болатын даулы жағдайларды шешу бойынша шараларды қабылдайды.

**Білуге тиіс.** Қазақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына

|                                                                                                           |                            |                                           |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------|-------------------------------------------|
| <b>Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті</b>                                                    |                            | <b>УЕ- Нұр-Мұбарак ЕИМУ - 001-07-2022</b> |
| <b>СМЖБ</b>                                                                                               | <b>Университет ережесі</b> |                                           |
| <b>Университет қызметкерлері мен профессор-оқытушылар құрамының біліктілік сипаттамалары туралы ереже</b> |                            | <b>42 беттің 14 беті</b>                  |

қатысты заңдары және өзге де нормативтік құқықтық актілер, жатақхананың тұрғын үй, әлеуметтік-мәдени және тұрмыстық бөлмелерін күтіп ұстау тәртібі, қызметтік қарым-қатынас этикасы, жатақхананың ішкі тәртіп ережелері, экономика және еңбекті ұйымдастыру негіздері, еңбек заңнамасы, ішкі еңбек тәртібінің ережелері, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау ережелері, өндірістік санитария ережелері, өрт қауіпсіздігінің талаптары

**Біліктілікке қойылатын талаптар.** Жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі және мамандығы бойынша жұмыс стажы кемінде 1 жыл немесе тиісті мамандық (біліктілік) бойынша орта техникалық және кәсіптік (орта арнайы, орта кәсіптік) білім және мамандығы бойынша жұмыс стажы кемінде 3 жыл болуы тиіс.

## **11.5.АУДАРМАШЫ**

**Лауазымдық міндеттері** Университеттіміздің араб ұстаздарымыз бен ректордың сөздерін аудару; Ғылыми-техникалық, қоғамдық-саяси, экономикалық және басқа да арнайы әдебиеттерді, патенттік сипаттамаларды, нормативтік-техникалық және тасымалдау құжаттамасын, Араб Республикасымен хат алмасу материалдарын, сондай-ақ конференциялар, кеңестер, семинарлар және т.б. материалдарын аударады. араб тілі; ғылыми-техникалық аударма әдістемесі; ағымдағы аудармаларды үйлестіру жүйесі; кәсіпорын, мекеме, ұйым қызметінің мамандануы; сөздіктер, терминологиялық стандарттар, жинақтар мен анықтамалықтар; ғылыми және әдеби редакциялау негіздері; Араб тілі грамматикасы мен стилистикасы; экономика, еңбекті ұйымдастыру және басқару негіздері; еңбек заңнамасы; ішкі еңбек тәртібі; еңбекті қорғау ережелері мен нормалары.

**Білуге тиіс:** араб тілі; ғылыми-техникалық аударма әдістемесі; қазіргі аударманы үйлестіру жүйесі; кәсіпорын, мекеме, ұйым қызметінің мамандануы; еңбекті ұйымдастыру және басқару негіздері; еңбек заңнамасы; ішкі тәртіп ережелері; еңбекті қорғау ережелері мен нормалары.

**Біліктілік талаптары:** жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптарсыз жоғары кәсіптік білім. Араб тілін еркін меңгерген.

## **12.ҚАРЖЫ БӨЛІМІ**

### **12.1. МЕҢГЕРУШІ**

**Лауазымдық міндеттері:** ұйымның бухгалтерлік есебін және қаржы-шаруашылық қызметін ұйымдастыруды, материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының үнемді пайдаланылуын, оның теңгеріміндегі ұйым мүлкінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады; бухгалтерияға басшылықты жүзеге асырады және оның қызметін қамтамасыз етеді; Қаржы-экономикалық қатынастарды қалыптастыру және реттеу бойынша бухгалтерияның жұмысын бағыттады және үйлестіреді, өз құзыреті шегінде әкімшілік мәселелерді шешеді, басқарма төрағасы-ректордың жалпы басшылығымен және басқа бөлімшелер мен қызметтердің басшыларымен өзара іс-қимыл жасай отырып өз міндеттерін орындайды; ұйым қызметінің құрылымы мен ерекшеліктеріне, оның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету қажеттілігіне қарай бухгалтерлік есеп туралы заңнамаға сәйкес есеп саясатын қалыптастырады; Шоттардың жұмыс жоспарын (қаржыландыру жоспарын), шаруашылық операцияларын ресімдеу үшін қолданылатын бастапқы есепке алу құжаттарының нысандарын дайындау және қабылдау, ішкі бухгалтерлік есептілік құжаттарының нысандарын әзірлеу, сондай-ақ түгендеу жүргізу тәртібін, шаруашылық операцияларының жүргізілуін бақылауды, бухгалтерлік ақпаратты өңдеу технологиясын сақтауды және құжат айналымы тәртібін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты басқарады; Есепке алу-есептеу жұмыстарын барынша орталықтандыру және қазіргі заманғы техникалық құралдар мен ақпараттық технологияларды, есепке алу мен бақылаудың озық нысандары мен әдістерін қолдану негізінде ұйымда және оның бөлімшелерінде бухгалтерлік есеп пен есептілікті ұтымды ұйымдастыруды қамтамасыз етеді; ұйымның

|                                                                                                           |                            |                                           |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------|-------------------------------------------|
| <b>Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті</b>                                                    |                            | <b>УЕ- Нұр-Мұбарак ЕИМУ - 001-07-2022</b> |
| <b>СМЖБ</b>                                                                                               | <b>Университет ережесі</b> |                                           |
| <b>Университет қызметкерлері мен профессор-оқытушылар құрамының біліктілік сипаттамалары туралы ереже</b> |                            | <b>42 беттің 15 беті</b>                  |

